

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**  
**«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» ҚеАҚ**  
**Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі**  
**«8D01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына**

**ПІКІР**

Жоғары білім беретін «8D01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы аталған мамандықтың типтік оку жоспарына, жоғары оку орнынан кейінгі (доктарантуралық PhD) білім беру классификаторына, педагогтің кәсіби стандартына, Еуропалық біліктілік шенберінде келісілген Дублиндік дескрипторларға және университеттің академиялық саясатына сәйкестендіріліп құрастырылған. Оның басты мақсаты – білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жоғары білікті мамандар даярлау.

Бағдарлама «Білім беру бағдарламасының паспорты», «Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері», «Бітірушінің біліктілік сипаты», және «Білім беру бағдарламасының құрылымы» сынды іштей тараушаларға жіктелген төрт тараудан тұрады. Оларда бағдарламаның қолданылу аясы, мақсат-міндеттері, модульдік сипаты, жалпы және кәсіби құзыреттіліктер, пәндер туралы мәлімет, оқыту стратегиялары мен әдістері, оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау т.т. қарастырылған, бағдарламаның негізгі тұтынушылары мен түлектің кәсіби қызмет саласы жайында ақпарат ұсынылған. Оқыту пәндері «Кәсіптік-педагогикалық» және «Зерттеу бағыты» атты модульдер айналасында топтастырылған, әр пәнге тән құзыреттілік пен оқыту нәтижелері көрсетілген. «Қазіргі әдебиеттану бағыты», «Мәтін және дискурс теориясы», «Қазақ тіл білімінің семантика теориясы», «Академиялық жазу сауаттылығы», «Ахметтану», «Ғылыми-зерттеу әдістері» сынды пәндер бүгінгі күн талабы мен сұранысын қанағаттандырады және әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдарының тың әрі өзекті мәселелерін қамтиды.

Қысқасы, аталған білім беру бағдарламасы ҚР ФЖБМ құжаттарды ресімдеу талаптарына толық жауап береді. Күтілетін нәтижелері айқын және білім алушылардың білім, білік, дағдыларының қалыптасып дамуына өзіндік үлес қосады.

Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ Филология факультеті Қазақ әдебиеті  
кафедрасы менгерушісінің м.а.,  
филол. ғыл. канд., қауым. профессор



К.Р. Кеменгер